Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1. Құрастыру Тақырыбы: Жануарларға қора жасаймыз Смарт мақсаты:Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету.Шығармашылық қиялдау дағдыларын дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: Құрылыс материалдары. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Қуан шаттан, алакай! Қуанатын келді күн, Қайырлы таң! Қайырлы күн ! Күліп шықты күн бүгін. Балалаларды ұйымдастыру. Қызығушылықтарын ояту. Суретпен жұмыс. Балаларға тақтадағы қораның суретін көрсетіп ,назарларын аудару. Ой қозғау. Қора туралы айтып өту. Балаларға жануарларға қора қажет екендігін айту. Құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру. Сергіту сәті. Қолды созып алдына, Қайшылашы беріліп. Ұста мұны жадыңда,	1.Көркем әдебиет Тақырыбы:«Шалқан» (орыс халық ертегісі) Смарт мақсаты: Өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп, оның мазмұнын түсінуге және рөлдерді ойнағанда кейіпкерлердің мінездерін бере білуге үйрету Ресурстар: үнтаспа, шалқанның суретті Әдіс тәсілдер. Ашық сұрақтар, заряд алу әдісі Қолданылатын көрнекі құралдар: ертегі кейіпкерлерінің бетперделері Оқу қызметінің барысы: Кіріспе әңгіме; -ой қозғау. Балалар сендер қандай ертегі білесіңдер? Балалардың жауаптары. «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегіні оқып беру.(Үстел үсті театрын пайдалана отырып, ертегі мазмұнын	1Дене шынықтыру. Тақырыбы:Түрлі қимылдарды түрлі қарқында музыкалық сүйемелдеу: ырғақты жүру, жеңіл жүгіру. Смарт мақсаты:Музыка ырғағына сәйкес іс-қимыл жасау,ырғақпен жүруді меңгеру. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Шаршылармен жаттығу жасау 1. Б.қ.: шаршы екі қолда, алға, жоғары, төмен. 2. Б.қ.: Шаршв кеудеде, алға созу, кеудеге. 3. Б.қ.: қол белде оңға, солға бұрылу. 4. Б.қ.: отыру, қолды созу, жүру. 5. Отыру, шаршыны аяққа тигізу. 6. Шаршыларды қою, секіру. Негізгі қимылдар: 7. Орында тұрып екі аяқпен	1.Жаратылыстану Тақырыбы: «Үй құстары» Смарт мақсаты: Үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшелік терін ажыратуға үйрету. Олардың адамға тигізер пайдасы туралы айту. Қолданылатын көрнекі құралдар: : Акт, үнтаспа, әтеш , тауық суреттері. Оқу қызметінің барысы: 1.Ұйымдастыру: Жыл мезгілін сұрау. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдату. Үнтаспадан үй құстарының дауысын тыңдату. Суретпен жұмыс Үй құстары. -Әтеш пен тауықтың суретін көрсетіп, олардың дене бітімі, ұқсастықтары мен ерекшелігі туралы сұрақтар қою. -Әтеш қалай дыбыстайды? - Ал, тауық ше? -Неліктен бұл құстарды «Үй құстары» дейміз? -Үй құстарының адамға қандай	Дене шынықтыру Тақырыбы:Шашырап жүру және жүгіру. Смарт мақсаты:Бірқалыпты деңгейден шашырап жүруге ауысу және жүруден жүгіруге ауысу. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: 1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру 2.Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек-

4К Д

	Кеудең тұрсын кериліп. /қолды созып, қайшылау, керілу/ Балалардың өз бетінше жұмыс істеу Балаларға сұрақтар қою арқылы қорытындылау. Бүгін біз не құрастырдық? -Сендер қораны неге арнап салдыңдар? -Не үшін қажет? -Қандай жануарларды үй жануарлары деп атаймыз? Жасаған жұмыстары үшін балаларды жеке-жеке марапаттау. 4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау. 2.2.Дене шынықтыру. Тақырыбы:Бір минут баяу қарқында жүгіру Смарт мақсаты:Минутпен жүгіру арқылы уақыт үнемдеуді үйрену. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: «Қар кесегімен» жаттығу 1.«Қар кесегін ауыстырып сал». Б.к.: аяқ сәл алшақ , қол төмен. Қолды алға созып, қар кесегін бір қолдан екінші қолға ауыстырып салу. 4-5рет. Б.к.: қолды жанына қойып тіреле, аякты алшақ қойып, еденге отыру, қар кесегі еденде. 2. «Қар кесегін көтер». Б.к.: Қолды жанына қойып тіреле, аякты алшақ қойып, еденге отыру.	ашу) Ой дамыту. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу. -Балалар қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтай алдыңдар? Шалқан қайда өседі? -Атай көмекке кімді шақырады? -Әжей кімді шақырады? -Немере қыз кімді шақырады? -Күшік кімді шақырады? -Мысық кімді шақырады? -Сонымен, бәрі бірігіп не істейді? -Ендеше,балалар,осы ертегідегі кейіпкерлердің артибуттарын алып,ойынды сахналаймыз. Сахналау. Жарайсыңдар ,балалар ертегі кейіпкерлерін жақсы етіп сахналадыңдар -Балалар біз бүгін қандай ертегімен таныстық? -Атай шалқанды қайда екті? -Шалқан жеміс па, көкөніс пе? Балаларды мадақтау. 4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау. 2. Музыка Педагог жоспары бойынша	секіру Тыныс алу жаттығуы Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Бір-біріне допты домалату. 2 .Биіктікке секіру. Қимылды ойын: «Күшік»ойыны: Ойын шартымен таныстыру .Балаларды мадақтау. 2.Сурет салу Тақырыбы: Аққала Смарт мақсаты: Дәстүрден тыс әр түрлі техникада сурет салуға машықтандыру. Қажетті құрал жабдықтармен дұрыс жұмыс жасауға үйрету. Қолданылатын көрнекі құралдар:бояу,су,балауыз,көк қағаз,үлгі Әдіс тәсілдер. Триз әдісі, түсіндіру,көрсету, сұрақ-жауап,миға шабуыл, көме,ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері: Ұшан теңіз қалың қар, Жерді басып жабады. Шұнақ аяз жалаңдап, Екі аяғын басады. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Жарайсыңдар. Қыс мезгілінде біз қандай құбылыстарды көре аламыз? Балалардың назарын аудару. Суреттермен түсіндірме жұмысын жасау. Таңғажайып сәт. Топқа аққала келеді.	пайдасы бар? АКТ технологиясын пайдаланып үй құстарын тамашалау. .Сергіту сәті. Әтеш ерте оянып, Жан-жағына қарады. Шыныктырып денесін, Қанаттарын қағады. 5. Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»  Қорытынды –Бүгінгі оқу қызметінде не жайлы сөз болды? –Олардың бәрін бір сөзбен қалай атаймыз? –Үй құстары бізге қандай пайда келтіреді? Балаларды мадақтау. 4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау. 2. Музыка Педагог жоспары бойынша	кезек көтеру 3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру 2. 2 қолды алдына апару 3. 2 қолды жанына апару 4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу 5.Аяққа арналған жаттығулар: оң аякпен 5 рет, сол аякпен 5 рет, екі аякпен 5 рет секіру 6. Терең дем алу Негізгі қимыл-жаттығулары: 1 Басына құм салынған қап қойып тура салынған жіп бойымен жүру. 2.Допты жоғары қарай лақтыру және оны қос қолымен қағып алу. Қимылды ойын: «Қасқыр мен қояндар» Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау. 4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау.

4К Д

	О: Екі аяқпен қар кесегін қысып алып, жоғары көтеру, «қар кесегі, міне» деу; Б.к. оралу. 5-6рет. 3. «Әрі бер». Б.к.: н.к., қолды жоғары көтеріп, қар кесегін бір-біріне алға, артқа қарй беру. 3-4рет. 4. «Қар кесегін ауыстырып сал». Б.к.: Аяқ сәл алшақ, қаршамен қол төмен. Қолды артта ұстап, қар кесегін бір қолдан екінші қолға ауыстырып салу. 4-5 рет. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Сырғанау. Қимылды ойын: «Қар кесектерін кім тез қапқа салады?» Ойын шартын түсіндіру. Балаларды мадақтау. 4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау.		-Сәлеметсіңдерме балалар.мен өзіме көп дос іздеп жүрмін,өйткені мен жалғыз ойнап ішім пысып кетті.Балалар маған дос тауып беріңдерші. -Балалар аққалаға көмектесемізбе? Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру. Әр түрлі құралдармен дәстүрлі емес әдіспен сурет салу. Қағаз бетін тігінен қоямыз. Бетіне шеңберді пайдаланып, балауыз шаммен аққаланың сұлбасын бейнелеп аламыз. Қажетті сызықтарды қолданып, аққаланың қолын, қолына сыпыртқы және басына қалпағын бейнелеп аяқтаймыз. Оны көк субояқпен бояймыз. Балалаға үлгіні көрсетіп, түсіндіріп болғаннан кейін, өз беттерінше жұмыс жасауға тапсырма беру. Қол жаттығуын жасау. Жеке көмек. Дайын болған суреттерді өзара талдау. Қандай сурет салғандарын сұрау? Әр баланың суретін жеке тексеріп, түзету жұмысын жүргізу. Аққала қуанып балалармен қоштасады Қорытынды сұрақтар қойып, суреттерін бағалау. 4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау.		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				

4К Д

Серуен:	Картотека № 2 Аязды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 5 Қыстап қалатын құстарды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау	Картотека № 6 Айналадағы адамның қысқы еңбегі. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 9 Қырауды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 9 Қырауды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу: Мөлдір су Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі аска дайындық.				
Түскі ас	.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	№7 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	№9 1. Ояту Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Таркасайық, тұрайық (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	№2. 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. ***(4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)***
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Дид.ойын: (еркін ойын) «Дәрігер» Смарт мақсат: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалар топтарға бөлінеді және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыра ды (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) Жеке баламен жұмыс: Асылжан Отан туралы тақпақ Смарт мақсат:дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстайды Отанды жас кәрімізде Туған жер деп сүйеміз	Дид.ойын: (еркін ойын) «Құрылысшылар» Смарт мақсат: сюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген жұмысты жасай алады. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) Жеке баламен жұмыс: Көзайым «Менің елім» Самрт мақсат: қалауларын,сезімдерін ойларын білдіретін сөздерді қолданады	Дид.ойын: (құрлымдалған) «Танып ал да, атын ата» Смарт мақсат: заттың түр-түсін, пішінін, атын атап, өз ойын айта алады. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау) Жеке баламен жұмыс: Зейнеп Мен күштімін» Смарт мақсат: спорттық жаттығуларды орындаудың алғашқы техникаларын үйренеді	Дид.ойын:(пед жет) «Аспазшы» Смарт мақсат: Азық-түлік өнеркәсібінің қызметкерлерінің еңбегі туралы біледі. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) Жеке баламен жұмыс: Сұлухан Зәулім үй» Смарт мақсат: құрылыс материалдарының негізгі пішінінен үй құрастыру	Дид.ойын: (құрлымдалған) «Шаштараз» Смарт мақсат: Ойын кезінде балалар ауыспалы заттарды қолдануды және өз қиялынан туған жағдаятты түсініп соған сәйкес әрекет ете алады. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау) Жеке баламен жұмыс: Альбина сурет салу «Досыма сыйлық» Смарт мақсат: сурет

4К Д

	Өйткені онда бәрімізде Туып өмір сүреміз				салу техникасын меңгерген.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен	Картотека № 2 Аязды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 5 Қыстап қалатын құстарды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 6 Айналадағы адамның қысқы еңбегі. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 9 Қырауды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)	Картотека № 20 Боранды бақылау. (4 к моделі, бала үні,саралау,бақылау)
Серуеннен оралу	Киімдерін бүктеп шкафтарын реттеп жинау.Гигиеналық шараларын ұйымдастыру				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.				

4К Д

Бекітемін _____
Әдіскер:Жотаева Н.Т.

Ерте жас

ЦИКЛОГРАММА

Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»

Тақырыпша. «Құстар-біздің досымыз» III апта (Қаңтар 2022ж.)

Смарт мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

-қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;

- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;

- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.01.2022	Сейсенбі 18.01.2022	Сәрсенбі 19.01.2022	Бейсенбі 20.01.2022	Жұма 21.01.2022
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №10 Құрлымдалған ойын: «Танып ал да, атын ата» Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атап, өз ойын айта алады. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Картотека № 12 Құрлымдалған ойын: «Әдемі гүл» Ойынның мақсаты: ,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіре алады. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Картотека № 16 Құрлымдалған ойын: «Үй жануарлары» Ойын мақсаты: Үй жануарларын олардың дене мүшелерін атау, суреттен өз төлдерін тауып қоя біледі. (4К моделі, бала үні,саралау, бақылау)	Картотека № 21 Д/ойын: (Пед жет) «Балық аулау» Смарт мақсат: сұрақтарға жауап бере біледі. (4К моделі, бала үні, бақылау, саралау)	Картотека № 16 Д/ойын:(құрлымдалған) «Қоянға көмектесеміз» Смарт мақсат: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуды біледі. (4К моделі, бала үні, бақылау, саралау).

4К Д

Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгі жаттығу кешені. Картотека № 7 Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Сиқырлы сөз: Астарыңыз дәмді болсын! Бата беру Аумин десең маған Құдай берсін саған Алтыннан-жағаң Күмістен тағаң Оң жағыңнан кетпесін Тілеуің қабыл Мұратың асыл болсын Аумин				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау				
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1.Дене шынықтыру. Тақырыбы:Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру Смарт мақсаты:Балалар орта жылдамдықпен жүре отырып,40-50 метрге жүгіруді үйрену. І.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу. допты жоғарыға-төменге (5рет)	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Жыл құстары Смарт мақсаты: Балаларға құстар туралы түсінік беру.Мнемотехника әдісі арқылы құс туралы әңгімелету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: құстардың суреттері, желім дайын үлгілер Ресурстар: жылы құстар Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын кеңге ашқан.	1.Сенсорика Тақырыбы: Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау Смарт мақсаты:1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету; өзін-өзі бақылау және өз-өзін бағалауға дағдыландыру. Оқу қызметінің барысы - Балалар, көңіл – күйлерің қалай? (Көңіл – күйіміз өте жақсы) Әрдайымда көңілді, жарқын жүзбен қуанышпен жүрулеріне тілектеспін. -Балалар қазір жылдың қай	1. Жаратылыстану Тақырыбы: Қар қасиетімен танысу. Смарт мақсаты: Қардың бақылау, оның ақ және үлпілдек екенін көрсету,кардың қасиетімен таныстыру. Қолданылатын көрнекі құралдар:қыс мезгілінің суреті, қар,ыдыс тәжірибе көрсету, мақталы қарлар Оқу қызметінің барысы: Балалардың назарын суретке аударады. Ресурстар: карды бақылау шарлар,полиэтилен калташасы,таяқша,бор, стакан,су,түтікше,ойыншық Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын,тәжірибе Баланың қолында не бар?	. 1.Дене шынықтыру. Тақырыбы:Түзу бағытта біркелкі қадаммен жүру және біркалыпты жүгіру. Смарт мақсаты:Түзу бағытпен жүруден біркалыпты жүгіруге ауысу. Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім:

4К Д

	2.доппен отырып тұру (5 рет) 3.аяқ ұшында отырып,денеден допты айналдыра сырғыту. (4рет) 4.допты айнала секіріп және жүре отырып айналу. (2рет) 5.тыныс алу жаттығу Ресурстар: Секіртпелер, гимнастик қабырға. Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, ойын. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату 2.2 метр аракашықтықта допты бір-біріне төменнен лақтыру Қимылды ойын: «каскыр мен каздар» Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау (4К моделі, бала үні, саралау,бақылау)	Тілегіміз әділдік, Ашық болсын кең аспан. Достық-өмір тірегі, Әр адамның тілегі. Ұйымдастыру. Суретпен жұмыс - Балалар суретте не көріп тұрсыңдар? - Ал, қазір бізде далада осы құстар бар ма, сендер көрдіңдер ме? - Бұл құстар қайдан келді? - Ия, олар жылыны жақсы көретін жыл құстары. - Ал, енді күн жылынғанға дейін олар тоңып қалмау үшін не істеуге болады? Менемотехника арқылы құстарды сипаттау. Топқа бөлу. 1-топ шығармашылық өнер орталығында құстарға ұя және жем сауытын жасайды. Балалары үлгі суретке карай отыра біреулері жем сауыт, ал келесілері ұяны желімдейді. Сергіту сәті: Қарлығашқа ұксайық, Қанатты біз жаяйық. Орнымыздан тұрайық Бір отырып, бір тұрып, Біз тыныгып алайық. Балалардың жұмыстарын бағалау. Мадақтау Венн диаграммасы арқылы балалардан құстарды салыстыра отырып талдап,	мезгілі? -Қыс мезгілінде неше ай бар? -Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? - Балалар бір аптада неше күн бар? -Бүгін аптаның қай күні? Қызығушылықтарын ояту. -Балалар сендер білесіңдер ме бізге хат тасушы сыйқырлы қорап алып келіпті.Қораптың ішінде не бар екенін көрейікпе? (Қорапты ашады) -Балалар сыйқырлы қораптың ішінде әр түрлі тапсырмалар бар екен. Осы тапсырмаларды орындап көреміз бе? -Олай болса тапсырмаларды орындауға көшейік. 1-ші тапсырмамыз сандарды рет ретімен қою. Сандар қатарымен жұмыс істейміз. (1-ден 5-ке дейінгі сандарды қойып шығу керек). Балалардан 1-ден 5-ке дейінгі цифрларды рет-ретімен үстелдеріне қойып шығуды (4К моделі, бала үні, саралау,бақылау) сұрау. - -Балалар қарандаршы бұл не? Дұрыс айтасыңдар. Қандай пішіндер? -пішіндерде не жазылған? Дұрыс сандар. -Мен қазір сендерге мына пішіндерді таратып беремін. Балалар мен сендерге неше	Ойын:«Қыс туралы кім көп біледі?» Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық, Алға қадам басайық. Бір отырып, бір тұрып, Бойымызды жазайық. Қорытынды бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрау арқылы қорытындылау. «Қар атыспақ»ойыны. (4К моделі, бала үні, саралау,бақылау) 2.Мүсіндеу Тақырыбы: Автобус Смарт мақсаты: Балаларға көлік туралы түсінік беру. Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, автобустың мүсінін жасауға үйрету.Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар:ермексаз,тақтайшаүлгі қолшатыр, ойыншық автобус. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Қуан ,шаттан алакай Қуанатын күн келді Күліп шықты күн бүгін Қайырлы таң! Қайырлы күн! Миға шабул Көше бойлап аяңдайды, Адам тасып аялдайды. (Автобус) Ой қозғау. Сұрақ жауап	Жалпы дамыту жаттығулар: Б.к.:аяқтарын сәл алшақ қойып,жалаушаларды төмен түсіріп тұру.Жалаушаларды жоғары көтеру,оларды айқастырып,бір – біріне тықылдату,төмен түсіру. Б.к.: аяқтарын сәл алшақ қойып,жалаушаларды иыққа қойып ұстап тұру.Отыру,жалаушаларды алға созу,тұру,б.к. оралу. Б.к.:тізерлеп отыру,жалаушаларды төмен түсіріп тұру. Жалаушаларды жоғары көтеру,оларды оңға және солға бұлғау,б.к. оралу. Б.к.:аяқтарын сәл алшақ қойып,жалаушаларды төмен түсіріп тұру.Жүрумен алмастыра отырып,бір орында қос аяқпен секіру (2рет). Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Доғаның астынан еңбектеу (биіктігі 40 см). 2.Биіктігі 5-10 см 2-3 заттың үстінен кезектесе секіру. Қимылды ойын: «Қаскыр - қақпан» ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау. (4К моделі, бала үні,

4К Д

		қортындылау (4К моделі, бала үні, саралау,бақылау) 3.Педагог жоспары бойынша	пішіндер бердім? -Енді осы сандар жазылған пішіндерді рет-ретімен қойып шығамыз. -Жақсы балалар біз бірінші тапсырманы орындадық. Ал мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр. Ойынды бастамас бұрын үстел үстінде не тұрғанын айтыңдаршы? -Неше текше санайықшы?! -Дұрыс айтасыңдар! -Текшелердің түсі қандай? Ойын шарты: Мен сендерге көздеріңді жұм дегенде барлығымыз көздерімізді жұмамыз,ал мен текшені жасырамын сендер қандай текше жоғалғанын айтасыңдар. 2 Тапсырма. «Сөйлемді аяқта» ойыны. Мен сендерге сөйлемді бастаймын сендер аяқтайсыңдар. Ойын шарты түсінікті ме? 1. Таңғы асты таңертең, ал кешкі асты (кеште) ішеміз 2. Түнде ұйықтаймыз, ал ... жаттығу жасаймыз (таңертең) 3. Күндіз күн шығады, ал ай ... (түнде) шығады 4. Кешкі асты кеште, түскі асты ... (күндіз) ішеміз -Балалар, тәуліктің қай бөлігі туралы айтылған? 4-тапсырма. Логикалық ойын есеп: Тез ойлап тап! 1.Дүкеншіде 5 жұмыртқа болды, біреуін жарып алды. Дүкеншіде неше жұмыртқа қалды?	Автобус не үшін керек? Автобуспен қайда барамыз?. Ой дамыту. Автобус суретін көрсетіп талдау жүргізеді. Жұмыстың орындалу техникасын көрсету. -Саусақпен шымшу,қосу, майыстыру дағдыларын қалыптастыру. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкене ағаштар Үп-үлкен боп өседі Өз беттерінше жұмыс. Қадағалау, көмек көрсету.. Қорытынды. Балалардың жұмыстарын өздеріне бағалату. Мадақтау Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. (4К моделі, бала үні, саралау,бақылау)	саралау,бақылау)

4К Д

			2. Ермек дүкеннен 3 балмұздақ алды, жолда 1 — ін жеді, Ермекте неше балмұздақ қалды? 3. Әйгерім дүкеннен 4 кәмпит сатып алды. Кәмпиттің 1-ін Дильназға, тағы 1-ін Мадинаға берді. Әйгерімде қанша кәмпит қалды? 4. Алма ағашта бес алма Қандай тәтті жесе алма, Біреуін оның жеп қойсаң Қалады онда неше алма. Балаларды мадақтау. Қорытынды. -Жарайсыңдар балалар сендер сыйқырлы қораптағы тапсырмалардың бәрін дұрыс орындап шықтыңдар. Сендер бүгінгі оқу қызметінде белсенді болдыңдар. -Сендерге оқу қызметі ұнады ма? -Бүгінгі оқу қызметінде не ұнады? Қорап ішінен шыққан кәмпиттерді балаларға тарату. (4К моделі, бала үні, саралау,бақылау) 2 Сурет салу. Тақырыбы:Қардың бейнесін салу. Смарт мақсаты:Қардың бейнесін салуға үйрету.Бояуды қолдану дағдыларын жетілдіру. Оқу қызметінің барысы: Ұйымдастыру. «Миға шабуыл» Жұмбақ жасыру. Қыста ғана болады, Үстасаң қолың тонады, Ол не?		

4К Д

			Сұрақтар ілмегі әдісі -Қар қандай түсті? -Қар неменеге ұқсайды? -Қар туралы тағы не айтуға болады? Жарайсыңдар балалар. Дидактикалық ойын. «Қайтала» - Боранды қимылмен көрсету - Үскірік аяз болып тоңғанда не істейді? - Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? Суреттерді көрсетіп,қысқы табиғаттың ерекшелігін айтамыз. Серуен кезіндегі бейнетаспа көрсету. Саусақ жаттығуы Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды). Таяқшамен қардың суретін салудың әдіс тәсілдерін көрсету. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек. Қорытынды. Қане айтыңдаршы қыста не жауады екен? - Қар салқын ба? - Қардың түсі қандай болады екен? - Қардан не жасаймыз? Балаларды мадақтау Жұмыстарын тақтаға ілу. 3.Дене шынықтыру Тақырыбы:Қозғалыс бағытын «жыланша» ирелеңдеп өзгертіп жүру. Смарт мақсаты:Түрлі қозғалыс бағытын жыланша ирелеңдеп жүруге ауысу,түрлі бағыттағы қимылды меңгеру.		

4К Д

			I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,колды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Шаршылармен жалпы дамыту жаттығулар жасау: 1. Б.қ.: шаршы екі қолда, алға, жоғары, төмен. 2. Б.қ.: Шаршв кеудеде, алға созу, кеудеге. 3. Б.қ.: кол белде оңға, солға бұрылу. 4. Б.қ.: отыру, колды созу, жүру. 5. Отыру, шаршыны аякка тигізу. 6. Шаршыларды қою, секіру. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. 2 метр арақашықтықта допты бір-біріне төменнен лақтыру. 2.Доғаның астынан еңбектеу (биіктігі 40 см). Қимылды ойын: «Қасқырмен қояндар» Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау. (4К моделі, бала үні, саралау,бақылау)		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, катармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека № 7 Аязды күнді бақылау.	Картотека № 8 Мұзды бақылау.	Картотека № 9 Қырауды бақылау.	Картотека № 11 Күнді бақылау.	Картотека № 12 Қырауды бақылау.

4К Д

	(4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)	(4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)	(4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)	(4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)	(4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)
Серуеннен оралу	Бұл бала кай бала Пай-пай тап-таза Ақ қаздай Киімі мұнтаздай Жарайсың балакай! Дейміз біз мадактай Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі аска дайындық.				
Түскі ас	Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары					
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртү, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Дид жаттығу: «Қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды сана» Смарт мақсаты: Сан мен топтық заттарды сәйкестіре білуге үйрету. Жеке баламен жұмыс: Асылжан Туған өлкем әнгіме. Смарт мақсат: қысқа сөйлемдерден негұрлым күрделі сөйлемдерге ауыса біледі;	Дид жаттығу: «Қандай үйір екенін айт» Смарт мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту Жеке баламен жұмыс: Зейнеп «Пішіндерді тап» Смарт мақсат: пішіндерді ажырата біледі.	«Құстар» Смарт мақсаты: Табиғи материалмен жұмыс жасауды үйрету. Жеке баламен жұмыс: Әміре Тәуелсіздік туралы такпақ жаттатқызу. Он алтыншы желтоқсан Тәуелсіздік алған күн Ерекше боп мәңгілік Ел жадында қалған күн. Смарт мақсат: қайталап айту арқылы такпақты жаттап біледі.	Әңгімелесу «Қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар» Смарт мақсаты: Балалардың білімдерін бекіту Жеке баламен жұмыс: Көзайым сурет салу «Досыма сыйлық» Смарт мақсат: сурет салу техникасын меңгерген	Терезеден құстарды бақылау. Смарт мақсаты: Қарғалардың топтап ұшуын, ұя салу орнын анықтау. Жеке баламен жұмыс:Жанерке доппен жаттығу жасау. Смарт мақсат: доппен негізгі қимыл жаттығуларын орындайды.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Картотека № 7 Аязды күнді бақылау. (4 к моделі, бала үні, саралау, бақылау)	Картотека № 8 Мұзды бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)	Картотека № 9 Қырауды бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)	Картотека № 9 Қырауды бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)	Картотека № 12 Қырауды бақылау. (4 к моделі, бала үні, бақылау, саралау)

4К Д

Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді балаға үйретіңіз». Психологтің кеңесі: мысалы:«Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылңыз ». Балалармен үйлерінде ата-анасына қалай көмектеседі туралы әңгімелесу. Кеңес: «Бала өміріндегі дәруменнің маңызы». Үйде құстар тақырыбында сурет салу.				

4К Д

Бекітемін
Әдіскер:Жотаева Н.Т.

Ерте жас топ
ЦИКЛОГРАММА
Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»
Тақырыпша. «Ғажайып қыс» IY апта (Қаңтар 2022ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.01.2022	Сейсенбі 25.01.2022	Сәрсенбі 26.01.2022	Бейсенбі 27.01.2022	Жұма 28.01.2022
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Балалардың көңіл - күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека № 1 Дид. ойын: (пед жет) «Көкөніс пен жемісті ажырат» Смарт мақсат: табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып, жемістердің өсуін, пісіп жетілуімен танысады. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау).	Картотека № 5 Сөздік ойын: (Құрлымдалған) «Телефон» Смарт мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізе отырып, диалогты сөйлеуді үйренеді. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау).	Картотека №9 Дид. ойын: (Құрлымдалған) «Бақша да ма,бау да ма?» Смарт мақсаты: Жемістер мен көкөністер айырмашылықтарын түсініп, айта алады. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау).	Картотека №10 Сөздік ойын: (Құрлымдалған) Танып ал да, атын ата Смарт мақсат: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. (4К моделі, бала үні, саралау,бақылау).	Картотека №11 Дид. ойын: (Құрлымдалған) «Затты сипаттау» Смарт мақсат: Заттарды көріп сипат тау арқылы балалар қоршаған орта жайлы түсіне біледі. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау).
Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгі жаттығу кешені. Картотека № 8 Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу . «Таза қолдар». Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу. Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баулу				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				

4К Д

Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1.Құрастыру Тақырыбы: Қар және аққала Смарт мақсаты: қағаздан құрастыру дағдыларын қалыптастыру, жырту, умаждау тәсілдері арқылы қағаздан көлемді пішіндер жасай алуға үйрету. Қолданылатын көрнекі құралдар: Аққаланың суреті,ақ қағаз,түсті қағаз, желім,қайшы. Ресурстар: қар мен аққала Әдіс –тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын Оқу қызметінің барысы: Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ. Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (аққала) Мнемотехника арқылы түсіндіру. Ой қозғау. Сұрақ-жауап. -Аққала неше бөліктен тұрады? -Мұрнын, көзін неден жасайды? -Түстері қандай? -Аққаланы неден жасайды? Аққаланы жасау жолдарын көрсету. Ақ қағазды умаждау,жырту арқылы жапсыру. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық Оңға қарай бұрылып, Солға қарай бұрылып, Бір отырып, бір тұрып	1 Көркем әдебиет Тақырыбы: Түлкі мен тырна Смарт мақсаты: Құстар туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес өткен таныс шығарманы суреттерден тануға, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қолданылатын көрнекі құралдар: ертегі кейіпкелердің бетпердесі, дайын ыдыс суреті, карандаш Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері. Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. 1.Өзі айлакер, өзі қу, Жүрген жері айқай да шу. 2 Көкте ұшады тізіліп, Біз қараймыз қызығып. Осы кезде түлкі мен тырна ортаға келеді. Сұрақ қою. Бұл қай ертегінің кейіпкерлері. Дұрыс бұл «Түлкі мен тырна» ертегісіндегі кейіпкерлер ғой. Олай болса жайғасып отырып ертегіні тамашаландар. «Түлкі мен тырна» ертегісін сахналау.	1Дене шынықтыру. Тақырыбы. Еденде жатқан заттан секіріп өту Смарт мақсаты. Тізбектеліп сапта аюша қорбаңдап жүру, қолды жоғары көтереіп-түсіріп жүру, сигнал бойынша отырып, тұру. Еденде жатқан заттан секіру . Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Жалпы дамыту жаттығулар: 1) қолдары белде, басын алға, артқа, оңға, солға еңкейтіп жүру: 2) Екі қолдарын айналдыру 4-рет алға қолды түзу ұстау,4-рет артқа 3) Оң қол жоғарда,сол қол төменде 1,2 дегенде қолдарын артқа-алға сермеу,3-4 дегенде ауыстыру. 4) Қолдарын кеуденің алдында ұстау: 1,2 дегенде артқа сермеу, 3,4 дегенде жанға оңға сермеу,келесі 3,4 дегенде солға қарай сермеу. 5) Әр қадам сайын алға еңкейіп жүру. 6)Тізені жартылай бүгіп жүру: 7)Оң аякпен секіріп жүру 8)Сол аякпен секіріп жүру 9)2-кі аякпен секіріп жүру	1.Жаратылыстану Тақырыбы:Табиғат құбылыстары Смарт мақсаты: Әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғат құбылыстарының адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы білімдерін дамыту Ресурстар:табиғат құбылыстары , Әдіс –тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын Оқу қызметінің барысы: 1.Шаттық шеңбер. Табиғат — біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Табиғатты қорғайтын, Біз әдепті баламыз. 2.Жұмбақтарды шешу Қанаты жоқ, ұшады, Аяғы жоқ, жетеді. Аузы жоқ, ұлиды (Боран). Арыстан арқырады, Орман жарқырады (Найзағай). Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – кашады (Жел). Қыста ғана болады, Ұстасаң, қолың тоңады (Қар) 3.Сұрақтар ілмегі. Балалар, қандай табиғат құбылыстарын білесіндер? Табиғат құбылыстарына анықтама беріп көрейікші. табиғат құбылыстары – әр маусымда болатын табиғи өзгерістер (жаңбыр, қар, жел, боран, найзағай	1. Дене шынықтыру. Тақырыбы. Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару Смарт мақсаты. Тізбектеліп сапта аюша қорбаңдап жүру, қолды жоғары көтереіп-түсіріп жүру, сигнал бойынша отырып, тұру. Еденде жатқан заттан секіру . Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару .Қимыл-қозғалысы белсенділігін арттыру, төзімділігін, зейінін дамыту. I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Жалпы дамыту жаттығулар: эстафета: 1. «Мұқият болу» карды домалатамыз. 2. «Қар толтыру» 1минутта себетке кар толтыру. 3 «Қарды үстап жүгіру» карды алақанға салып жеткізу. 4 «Шаңғы тебу» аяғымен сырғып шаңғы тебу. Дем алу гимнастика

4К Д

	Бой сергітіп алайық. .«Не өзгерді» ойыны. Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. Қорытындылау. Жұмыстарын тақтаға ілу. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау). 2 Дене шынықтыру Тақырыбы:Жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Смарт мақсаты:Бірқалыпты тепе-теңдікті сақтап жүру арқылы,қимылды еркін қолдануды үйрену. I.Кіріспе бөлім. Бір катар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Доппен жаттығу» 1. Бір катармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.) 2. Бір катардан екі катарға тұру. 3. Доппен жаттығу. 1. Б.к колда доп :1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.к –ка келу. 2.Б.к 1 - доп оң колда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң	Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. Балалар түлкі мен тырна бір-біріне ренжісіп қалған. Татуластырамыз ба? Олай болса ең алдымен сергіту жаттығуын орындап алайық. Сергіту сәті: Саусақтар шыншыр болады, Үзілмейді тартсаңда. Ал,піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр. -Түлкі мен тырнаның бір біріне тапсырмалары бар екен,соларды орындаса ғана достасады екен.Оларды достастыруға дайынбыз ба? Балаларды екі топқа бөліп отырғызып, «түлкілер және тырналар»екі топқа бөлеміз. 1Логикалық сұрақтар:(Интерактивті тақта бойынша балаларға тапсырма беріледі) Дидактикалық ойын: «Не артық?» 2Восковичтің дамыту ойыны: түлкі мен тырнаның тамақ құйып берген ыдыстарын нүктелерді ко	Тыныс алу жаттығуы Негізгі қимыл-жаттығулары: 1 Еденде жатқан заттан секіру 2.Гимнастикалық қабырға өрмелеу. Қимылды ойын: «Үрпек ит» Ойын шартын түсіндіру. Балаларды мадақтау. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау). 2.Сурет салу Тақырыбы:Машина. Смарт мақсаты:Көліктердің суретін салуды одан әрі жетілдіру. Суреттің мазмұнын бере білуге үйрету.Эстетикалық тәрбие беру. қамқорлыққа тәрбиелеу. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер.Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жаркарайды қаламаз, Жайнай түсті даламыз, Қайырлы таң достарым 1.Ой қозғау. -Балалар сендер таңертең балабақшаға келе жатырғандарыда жолда не көрдіңдер? Балалардың жауаптары Дидактикалық ойын. Кім қандай көлікті қалайды? Тосын сәт. Айсұлтан қуыршақ келеді. Оның көңіл-күйі жоқ сияқты, өзінен сұрап көрейік. Қуыршақ: -Мен күнде әдемі машинамен	т.б.). 4 . Жыл мезгілдері туралы бейнефильмдер тамашалау. – Балалар, суреттен нені байқадыңдар? Жаз мезгілі туралы бейнефильмді тамашалау. Жазда күн ыстық болады. Жаз бойы балалар демалады. Жаз мезгілінде жеміс-жидектер пісе басайды. Жаз мезгілінде айнала жасыл желекке еніп, әртүрлі гүлге толады. – Екінші суретте қай мезгіл бейнеленген? – Күз мезгілінде ауа райы қандай болады? Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жүгіріп алайық. Күз туралы бейнефильмді тамашалау. Күзде күн суыта бастайды. Күз мезгілінде жаңбыр жиі жауады. Күзде ағаштардың жапырақтары сарғаяды. Күзде егін піседі. Егінді адамдар жинайды.Күзде барлық жеміс-жидектер пісіп, жерге түседі. Жан-жануарлар да қысқа азық жинайды. – Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылысы болады? Көктем туралы бейнефильмді тамашалау. Көктемде күн жылына бастайды. Қар еріп жылғалардан су ағады.	«Қарды үрлейміз» Шарты: Әр балаға қолдарына қағаздан жасалған қар беріледі, жібінен ұстап үрлейміз. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіріп бару 2.Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу. Қимылды ойын: Торғайлар мен мысық Ойын шартын түсіндіру. Балаларды мадақтау. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау).

4К Д

	қолмен,артынан сол қолмен. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Қосалқы қадаммен арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру 2.Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен өрмелеу. Қимылды ойын: «Досым, ұста!». Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау).	су арқылы көрсету. Балалардың жұмыстарын бағалау. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау. Түлкі мен тырна неге ренжісті? -Біз оларды қалай достастырдық? -Балалар, бүгін сендер үлкен іс тындырыңдар. Ренжісіп қалған түлкі мен тырнаны достастырыңдар. Мадақтау! (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау). 1.Музыка Педагог жоспары бойынша	серуенге шығатын едім, енді ол бұзылып қалды, маған жаңасы керек болып тұр,-дейді. -Балалар,Айсұлтанға көмектесеміз ба? машина жасап берейік. Топқа бөлу. Жеңіл көлік, жүк көлігі арқылы топқа бөлу. Сергіту сәті: Балаларды мадақтау (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау). .	Жыл құстары өз мекендеріне ұшып келе бастайды. Келе сала ұя салып, балапан басып шығарады. Ағаш бұтақтары бүршік жарады. Құрт-құмырска, аралар оянады. 6.Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау Балаларды мадақтау. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау). 2.Музыка Педагог жоспары бойынша	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №7 Ауа-райын бақылау.	Картотека №4 Желді бақылау.	Картотека №8 Күзгі жапырақтарды бақылау.	Картотека №5 Көшедегі машиналарды бақылау.	Картотека №11 Күзгі көрініс ті бақылау.
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№ 12 1. Ояну Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз	№ 9 1. Ояну Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	№14 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№ 13 1.Ояну Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.	№10 1.Ояну Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.

4К Д

Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.Нан қиқымын шашпаңдар Жерде жатса баспаңдар Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Суреттер тамашалау. «Күзгі орманға саяхат» Смарт мақсат: Суретке карай отырып, балалар күз мезгілінің ерекшеліктерін айта алады. Жеке баламен жұмыс: Сұлухан Ермексаздан жапырақ жасау. Смарт мақсат: ермексазды пайдаланып түрлі пішіндер жасайды. (4К моделі, бала үні, саралау,бақылау)	Д/ойын: (Құрлымдалған) «Суретші қай жерде қателесті?» Смарт мақсат: Берілген суреттегі сәйкес емес жерін тауып айта алады. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау) Жеке баламен жұмыс:Жанерке Баудағы не? Ара болсаң ызында З-з-з,ж-ж-ж,з-з-з,ж-ж-ж Жұмыс істе тығылма, -Ара қалай дыбыстайды? (з-з-з) (Қатты , жай) Смарт мақсат: з, ж дыбыс-тарын дұрыс айта алады.	Ойын тапсырмалар: № 1-Байланысын тап. Шарты: Заттарды бір–бірімен байланыстыра отырып өз ойларын жеткізу. Тапсырма № 2- Жемістер мен көкеністер. Шарты:Жемістерді жасыл түспен, көкеністерді көк түспен дөңгелетіп белгіле. Тапсырма № 3- Артығын тап Шарты: Заттардың ішінен артығын тауып бір сөзбен ата. Жеке баламен жұмыс: Зейнеп Санамақ жаттату. (4К моделі, бала үні, бақылау, саралау).	«Жұмбақ жарысы» Смарт мақсат: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілет-терін дамыту. Жеке баламен жұмыс.Көзайым Геометриялық пішін-дерді дұрыс атау. Смарт мақсат: пішіндерді дұрыс атайды, ажыратады. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау).	«Мимикалық жаттығу» Смарт мақсат: балалардың көңіл-күйлерін түрлі эмо-циялармен білдіруге үйрету. Жеке баламен жұмыс: Асылжан мен Қыс келді Айнала аппақ Керемет, тамаша, Қандай әсем қыс Смарт мақсат: өлең жолдарын анық айта алады. (4К моделі, бала үні, саралау, бақылау).
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	Серуен №16 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен № 17 Картотека қосымша тіркелген	Серуен № 18 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен №19 Картотека қосымша тіркелген.	Серуен №20 Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуді, киімін жинап таза ұстауды, су, лас болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуді үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Ана – аналармен әңгімелесу.				

4К Д

Бекітемін
Әдіскер:Жотаева Н.Т.

Ерте жас топ
ЦИКЛОГРАММА
I апта. Ақпан айы 2022ж.
Өтпелі тақырып: Бізді қоршаған
Тақырыпша«Ғажайыптар әлемі» (Өлі табиғат құбылыстары)

Күн тәртібі	Дүйсенбі 31.01.2022	Сейсенбі 01.02.2022	Сәрсенбі 02.02.2022	Бейсенбі 03.02.2022	Жұма 04.02.2022
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Картотека №17 «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Смарт мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінін айтқызу. Сөздік қорын молайту.	Картотека №6 «Табиғат құбылыстарын ата» Смарт мақсаты: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, катты, жұмсақ, ериді, буға айналады.	Картотека №9 «Үй жануарлары» Смарт мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға,олардың қимылын,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атауға, оларды қорғай білуге тәрбиелеу.	Картотека №5 «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата» Смарт мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, белсенділігін артыру.	Картотека №15 «Қоянға көмектесеміз» Смарт мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.
	ТАНЫМ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)				
Таңертеңгі гимнастика	Ақпан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Максаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау . Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				

4К Д

